

aceline

Пайдалану
бойынша нұсқаулық

Бұрамашегені бұрағыш
Aceline
ACS26, ACS30

Мазмұны

Сақтық шаралары	5
Құрылғының сұлбасы	9
Пайдалану	9
Зарядтау	10
Тәртіптерді ауыстыру (тек ACS30 үлгісі үшін)	10
Битті пайдалану	11
Айналу бағытын ажыратып-қосқыш	11
Ажыратқыш	11
Айналдыру моментін реттеу	11
Тесіктерді бұрғылап тесу	12
Бұрамашегелерді бұрау	12
Қызмет көрсету	12
Тазалау	12
Майлау	12
Техникалық сипаттамалар	13
Жинақталым	13
Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері	14
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	15
Қосымша ақпарат	16

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Тауардың арналған мақсаты

Бұл электр құралы бұрамашегені бұрап бекітуге және металл мен ағашта тесіктерді бұрап тесуге арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
2. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
3. Құрылғыны пайдаланар алдында желінің кернеуі электр құрылғысының тақтайшасындағы оңтайлы кернеуге сәйкес келе ме, тексеріп алыңыз.
4. Пайдалану ережелерін, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын сақтамау электр тоғынан зақым алуға, жануға және/немесе ауыр зардапқа душар етуі мүмкін.
5. Осы пайдаланушы нұсқаулығын кейінірек те пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
6. Барлық ескертудегі «электр құралы» термині желіден немесе аккумуляторлы батареямен (сымсыз) жұмыс істейтін электр құралын білдіреді.
7. Жұмыс орны таза ұсталуы және жарықтандырылуы жақсы болуы тиіс. Осы ережені сақтамау жарақаттануға және жасқа да жазатайым жағдайға душар етуі мүмкін.
8. Электр құралын жарылыс қаупі бар ортада - тұтанғыш сұйықтықтар мен газдардың дәл қасында пайдаланбаңыз.
9. Электр құралын пайдаланған кезде балалардың немесе сырттай бақылаушылардың қауіпсіз қашықтықта болуын және сізді алаңдатпауын қадағалаңыз.
10. Құбыр, радиатор, пеш немесе тоңазытқыш сияқты жерге тұйықталған беттерді ұстамаңыз. Егер денеңіз жерге тұйықталса, электр тоғынан зақым алу қаупі артады.
11. Құралды жаңбырдың немесе ылғалдың әсеріне ұшыратпаңыз, оған су тиген кезде электр тоғынан зақым алу қаупі артады.
12. Электр құралымен жұмыс жүргізген кезде абай болыңыз. Егер ішімдіктің, есірткі құралының, дәрі-дәрмектің әсерінен айықпаған күйде болсаңыз немесе шаршаулы болсаңыз, электр құралын пайдаланбаңыз. Электр құралымен жұмыс атқарған кездегі зейінсіздік жарақатқа душар етуі мүмкін.

13. Электр құралының түрі мен оны қолдану жағдайына байланысты қорғаныш көзiлдiрiгi, шаңға қарсы маска, табаны тайғанамайтын қауiпсiз аяқ киiм, қорғаныш каскасы және құлаққап сияқты жеке қорғаныс құралдарын пайдаланыңыз.
14. Электр құралын қосар алдында реттегiш, сомын кiлттерiнiң барлығын және басқа да құралдарды алып тастаңыз.
15. Электр құралымен жұмыс iстегенде, орнықтылық пен тепе-теңдiктi сақтаңыз. Бұл күтпеген жағдайда жарақат алудың және зақымданудың алдын алады.
16. Сәйкес киiмдi пайдаланыңыз. Кең киiм кимеңiз және әшекей бұйымдар тақпаңыз, шаштың, киiм мен қолғаптың электр құралының қозғалып тұратын бөлшектерден қауiпсiз қашықтықта болуын қадағалаңыз.
17. Егер бар болса, шаң ұстайтын жабдықты пайдаланыңыз. Бұл зақымдану қатерiн азайтуға мүмкiндiк бередi.
18. Электр құралын арналған мақсаты бойынша, белгiленген жүктемелерге сай пайдаланыңыз.
19. Егер құрал ажыратып-қосқыштың көмегiмен өшiруге және қосуға келмесе, оны пайдаланбаңыз.
20. Электр құралын балалардың қолы жетпейтiн жерде сақтаңыз. Балаларға, сондай-ақ осы нұсқаулықпен таныс емес адамдардың электр құралын пайдалануына рұқсат бермеңiз.
21. Құралдың қозғалмалы бөлiктерi жақсы бекiтiлгенi мен бүтiн екендiгiне көз жеткiзiңiз. Егер құрал зақымдалған болса, оны жөндеу қажет.
22. Құралдарды, құрамдас бөлшектердi, бит және т.б. осы нұсқаулыққа сәйкес, жұмысты орындаудың нақты жағдайларын ескере отырып пайдаланыңыз. Электр құралын өзi тiкелей арналған мақсаттан тыс пайдалану қауiптi.
23. Аккумуляторды тек өндiрушi көрсеткен зарядтау құрылғысының көмегiмен ғана зарядтаңыз. Батареяның бiр түрi үшiн жарамды зарядтау құрылғысы аккумуляторлы батареялардың басқа түрлерiмен бiрге пайдаланған кезде өрт қауiпiн тудыруы мүмкiн.
24. Тек арнайы тағайындалған аккумуляторлы батареяларды ғана пайдаланыңыз.
25. Егер аккумуляторлы батарея пайдаланылмаса, оны батарея терминалдары арасында байланыс жасауы ықтимал металл заттардан, мысалы қағаз қыстырғыш, тиын, кiлт, шеге, бұрамашегеден және т.с.с. басқа да бөлек сақтаңыз. Батарея терминалдарының тұйықталуы өрт туындатуы мүмкiн.
26. Жұмыс шарттары сақталмаған жағдайда электролит аккумулятордан ағып кетуi мүмкiн, онымен жанаспаған жөн. Егер кездейсоқ жанасу болса, ол жердi сумен жуып жiберiңiз. Егер электролит көзге түссе, медициналық көмекке жүгiну қажет. Аккумулятордан ағып кеткен электролит терi тiтiрке-нүн немесе күйiк тудыруы мүмкiн.
27. Аккумуляторлы батареяларды қондырған немесе шығарып алғанда, қуат көзiн ағытыңыз.
28. Бүлiнген аккумуляторлы батареялар немесе қайта зарядталмайтын батарея-

ялар қауіпті қалдық ретінде кәдеге жаратылуы тиіс. Оларды арнайы жинау орнына тапсырыңыз.

29. Зарядтау құрылғысында шаң мен кір болмауын қадағалаңыз.
30. Батареяның полярлығы туралы нұсқауларды сақтаңыз.
31. Қызмет көрсетуді білікті қызметкер түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдаланып жүзеге асыруы тиіс. Бұл электр құралының қауіпсіздігіне кепілдік береді.
32. Электр құралының жұмысынан шығатын шу есту қабілетіңізді зақымдауы мүмкін. Жұмыс кезінде құлаққапты пайдаланыңыз.
33. Биттер немесе құрамдас бөлшектер жасырын кабельдермен түйісуі мүмкін жағдайда жұмыс істеген кезде, құралды оқшауланған тұтқасынан ұстаңыз. Кернеулі кабельдермен түйісу мүмкін жағдайда құралдың металл бөліктері өткізгішке айналып, электр тоғынан зақым алуға душар етуі мүмкін.
34. Жұмысты аяқтаған соң құралды қоймас бұрын, оны өшіріңіз де, айналап тұратын бөлшектерінің тоқтағанын күтіңіз.
35. Тек бүгін құрамдас бөлшектерді пайдаланыңыз.
36. Тескіш бөлшекті астында жатқан бетке зақым келтірмей бұрғылап тесе алатындығына көз жеткізіңіз.
37. Құралды өшіре салысымен, битке бірден қол тигізбеңіз.
38. Қолыңызды өңделетін бөлшектің астына қоймаңыз.
39. Биттің қасындағы ағаш үгіндісі мен жоңқаны қолмен жинамаңыз.
40. Зейініңізді аудармас бұрын жұмысты аяқтаңыз да, құралды сөндіріңіз.
41. Электр құралының бұранды қосылыстарын ұдайы тексеріп отырыңыз.
42. Құралды осы нұсқаулықтың талаптарын орындамай пайдаланған жағдайда туындаған зақымданулар үшін өндіруші жауапкершілік көтермейді.
43. Қауіпсіздік техникасын, құрастыру және пайдалану нұсқауларын сақтаңыз. Электр құралын пайдаланатын тұлғалар осы нұсқаулармен таныс болуы тиіс.
44. Құралды бөлшектеуге тырыспаңыз және оған ешқандай да өзгеріс енгізбеңіз. Ондай түрлендіру салдарынан туындаған жарақаттар мен зақымдар үшін өндіруші жауапкершілік көтермейді.
45. Құрылғы олардың қауіпсіздігіне жауап беретін басқа тұлғалар бақылап тұрған кезден басқа жағдайда балалар мен дене мүшесі, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Бұйымның қызмет ету мерзімі

Бұйымның қызмет ету мерзімі-2 жыл.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде жарамды болады.

Сыни істен шығулардың тізбесі

- Қатты ұшқынмен қолдануға болмайды.
- Қатты діріл пайда болған кезде пайдаланбаңыз.
- Сынған немесе ашық электр кәбілімен пайдалануға болмайды.
- Бұйымның корпусынан тікелей түтін пайда болған кезде пайдалануға болмайды.

Персоналдың ықтималды қате әрекеттері

- Зақымдалған тұтқамен немесе зақымдалған қорғаныш қаптамасымен пайдалануға болмайды.
- Жаңбыр кезінде ашық кеңістікте қолдануға болмайды.
- Корпусқа су кірген кезде қоспаңыз.

Шекті күйлердің өлшемдері

- Электр кәбілі қажалған немесе зақымдалған.
- Бұйымның корпусы зақымдалған.

Құрылғының сұлбасы

ACS26



ACS30



1. Қысқыш патрон.
2. Айналу моментін реттегіш.
3. Аккумуляторды бұғаттан шығару батырмасы.
4. Аккумуляторды салатын бөлік.
5. Айналу бағытын ажыратып-қосқыштар (құрылғының екі жағында).
6. Ажыратқыш.
7. Жарық индикаторы.
8. Тұтқа.
9. Тәртіптерді ажыратып-қосқыш.

Пайдалану

- Жұмыс үшін сәйкес жылдамдықты пайдаланыңыз. Электр құралын өте төмен немесе өте жоғары жылдамдықта пайдаланбаған жөн.
- Электр құралына артық жүктеме түсірмеңіз. Егер бұрғылап тесу кезінде жылдамдық азайса, онда шамадан тыс күш қолданбаған жөн.
- Орталығы белгіленбеген тесіктерді бұрғылауды, металды немесе пластикті бұрғылап тесуді, керамикаға бұрамашегелерді бұрап тартуды және басқа жұмыс түрлерін бастағанда, төмен жылдамдықты пайдаланыңыз.
- Ағашты бұрғылап тесу үшін жоғары жылдамдықты пайдаланыңыз.
- Бұрамашегені бұрағышты тазалау үшін құрғақ, жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Жуғыш заттарды немесе құрамында спирт бар құралдарды пайдаланбаңыз. Тазалар алдында құралды қуат көзінен ажыратыңыз.

Назар аударыңыз!

- Электр құралын пайдалану кезіндегі нақты діріл деңгейі электр құралын пайдаланудың нақты жағдайларына байланысты көрсетілген ең үлкен деңгейден өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан пайдаланудың шынайы жұмыс жағдайында (жұмыс циклінің барлық кезеңі ескере отырып, мысалы, құрал өшіріліп тұрғанда және ол, іске қосу кезеңіне қосымша, бос жүріспен жұмыс істегенде) әсер етуді бағалау негізінде пайдаланушыны қорғау үшін қандай сақтық шаралары қажет екенін анықтау қажет.
- Дірілден туындайтын зақымдану қаупін азайту үшін, қорғаныш қолғабын киіңіз, құралмен тым ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеңіз.

Зарядтау

1. Аккумуляторлы батареяны зарядтау құрылғысына қондырыңыз, дұрыс полярлықты сақтаңыз.
2. Зарядтау құрылғысын резеткіге қосыңыз.
3. Индикатордың жыпылықтай бастауы батареяның зарядталып жатқанын білдіреді. Батареяның қалыпты зарядталуына 3-5 сағат, ал жылдам зарядтауға 1 сағат қажет (зарядтау құрылғысы түріне байланысты).
4. Батарея зарядталған соң, зарядтау құрылғысын резеткіден ағытыңыз.

Назар аударыңыз!

- Пайдалануды бастамай тұрып, аккумуляторлы батареяны толығымен зарядтаңыз. Бірнеше зарядталу және разрядталу циклдерінен кейін батарея толық қуатына жетеді.
- Қысқа уақытқа зарядтамаңыз. Батареяны қуаты толық таусылғанда зарядтаңыз.
- Зарядтаған кезде батарея мен зарядтау құрылғысы қызуы мүмкін.

Тәртіптерді ауыстыру (тек ACS30 үлгісі үшін)

Өзіңізге қажетті тәртіпті сәйкес ағытып-қосқыштың көмегімен орнатыңыз.

I тәртіп: айналу жылдамдығы төмен, айналдыру моменті жоғары.

II тәртіп: айналу жылдамдығы жоғары, айналдыру моменті төмен.

Назар аударыңыз!

Құралды тура пайдаланған кезде немесе патрон әзірге айналып тұрғанда, тәртіптерді ажыратып-қосқышты пайдаланбаңыз.

Егер ажыратып-қосқыш қозғалмаса, патронды аздап бұраңыз.

Битті пайдалану

- Жұмыс үшін қажет битті пайдаланыңыз. Ұшы мұқалмаған әрі кетілмеген өткір биттерді пайдаланыңыз. Патронды түбінен мықтап ұстап тұрыңыз да, патрон кілтін сағат тіліне қарсы бұрай отырып, қыспа патронды ашыңыз.
- Битті қыспа патронның түбіне тірей, ортасына қондырыңыз.
- Патронды түбінен мықтап ұстап тұрыңыз да, патрон кілтін сағат тілімен бағыттай бұрап, қыспа патронды жабыңыз. Барынша мықтап тарта бұраңыз.
- Битті алып тастау үшін, осы әрекеттерді кері ретпен қайталаңыз.
- Қыспа патронның бұрандасы сол жақтан жарақталған, қажет жағдайда патрон сағат тілімен бағыттай бұрап алынады.

Айналу бағытын ажыратып-қосқыш

- Айналу бағытын ажыратып-қосқыш қуат көзінің ажыратып-қосқышы үстінде орналасқан.
- Солға қарай айналдыру үшін, сол жақтағы ажыратып-қосқышты басыңыз.
- Оңға қарай айналдыру үшін, оң жақтағы ажыратып-қосқышты басыңыз.
- Кенеттен қосылып кетуге жол бермеу мақсатында ажыратып-қосқышты бұғаттау үшін, ажыратып-қосқышты орталық күйге қойыңыз.

Назар аударыңыз!

Құралды тура пайдаланған уақытта немесе патрон әзірге айналып тұрғанда, айнаруды ажыратып-қосқышты пайдаланбаңыз.

Ажыратқыш

Құралды ажыратқышқа басу арқылы қосыңыз. Ажыратқышқа түсетін қысым ұлғайған сайын, жылдамдық та артады. Құралды өшіру үшін, ажыратқышты жіберіңіз.

Айналдыру моментін реттеу

Құралда айналдыру моментінің баптауларын ажыратып-қосқыш бар. Бұрамашегенің материалы мен өлшеміне қарай сәйкесінше баптауды таңдап алыңыз. Ұзын/үлкен бұрамашегелер мен қатты материалдар барынша жоғары айналдыру моментін қажет етеді. Тесікті бұрғылау үшін бұрауды реттегіштің сақинасын бұрғылап тесуге арналған күйіне келтіре айналдырыңыз.

Тесіктерді бұрғылап тесу

Диаметрі үлкен тесікті бұрғылап тескен кезде, алдымен диаметрі кішкентай тескішті пайдаланған, сосын тесік қажетті өлшемге жеткенге дейін тескіштің диаметрін бірте-бірте үлкейтіп отырған дұрыс. Бұл құралдың артық жүктемеге ұшырауына жол бермейді.

Егер тескіш тесіктің ішінде тұрып қалса, құралды бірден өшіріңіз. Тескішті шығарып алу үшін айналу бағытын ауыстырыңыз.

Тескішті тесікке параллель ұстаңыз. Егер көлбеулік бұрышы дұрыс таңдалмаса, тескіш сынуды немесе тесіктің ішінде тұрып қалып, жарақат салуы мүмкін.

Бұрғылап тесу кезінде жоңқаны кетіру үшін бұрғыны ауық-ауық шығарып отырыңыз.

Бұрамашегелерді бұрау

Алдын ала бұрамашегенің диаметрінен кішірек және сәл ұзынырақ тесік дайындап алуға кеңес беріледі.

Бұл бұрамашегенің бұралуын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Шетке жақын бұрғылап тесілген жағдайда, алдын ала тесілген тесік бөлшектің сынып кетуіне жол бермейді.

Бұрамашегенің қалпағына сәйкес өлшемді битті пайдаланыңыз.

Бита тайғанап кетпеуі үшін, құралмен бұрамашегенің қалпағын нығыздай басыңыз. Бұрамашегенің қалпағы бүлінсе, оны алып шығу немесе бұрап тарту мүмкін болмайды.

Қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсетуден бұрын құралды әрдайым қуат көзінен ажыратыңыз. Қуат көзінің бұзылған баусымын қызмет көрсету орталығының маманы айырбастауы тиіс.

Құралды дымқыл жерде қалдырмаңыз.

Тазалау

Корпустың пластикалық бөліктері үшін тазартқыш заттарды пайдаланбаңыз. Кір мен шаңды таза шүберекпен кетіріңіз.

Майлау

Құрал ішіндегі барлық мойынтірек майланған. Қосымша майлау қажет етілмейді.

Техникалық сипаттамалар

Үлгісі	ACS26	ACS30
Қуаттау құрылғысы желісінің параметрлері	220–240 В / 50 Гц	220–240 В / 50 Гц
Айналымы (айн/мин)	0–750	0–450 / 0–1400
Айналдыру моментін реттеудің саны	18+1	18+1
Бұрғының макс. диаметрі (мм)	10	10
Ең үлкен айналдыру моменті (Нм)	26	30
Қуаттау құрылғысының желілік кәбілінің ұзындығы (м)	1	1
Аккумулятордағы кернеу (В)	12	12
Қорғау дәрежесі	IP20	IP20
Дыбыс қысымының деңгейі LpA (K=3), дБ(A)	76,3	76,3
Дыбыс қуатының деңгейі LwA (K=3), дБ (A)	87,3	87,3
Жұмыс режиміндегі діріл деңгейі (K=1,5), м/с2	1,44	1,44

Жинақталым

ACS26

- Құрылғы.
- Сақалар жиынтығы.
- Li-ion аккумуляторы 1 x 1300 мА·сағ.
- Қуаттау құрылғысы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Кепілдік талоны.

ACS30

- Құрылғы.
- Сақалар жиынтығы.
- Li-ion аккумуляторы 2 x 1300 мА·сағ.
- Қуаттау құрылғысы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Кепілдік талоны.
- Кейс.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері

Проблема	Себебі	Шешімі
Электр құралы жұмыс істемейді.	Қуат элементі таусылған.	Қуат элементін қайта зарядтаңыз.
	Қуат элементі ақаулы немесе зақымдалған.	Қуат элементін ауыстырыңыз.
Электр құралының қозғалтқышы баяу жұмыс істейді / айналу санын жоғалтады.	Қуат элементі таусылған.	Қуат элементін қайта зарядтаңыз.
	Қуат элементі ақаулы немесе зақымдалған.	Қуат элементін ауыстырыңыз.
Қуат элементі зарядталмайды / зарядтағыш құралдың жарық индикаторы жұмыс істемейді.	Сақтандырғыш істен шықты.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз.
	Зарядтағыш құрал ақаулы.	Зарядтағыш құралын ауыстырыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °С... 40 °С аралығында дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталған соң оны әдеттегі тұрмыстық қалдықпен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу мен кәдеге жаратылуы үшін электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдайтын сәйкес орындарға өткізілуі тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Хаймэнь Синьцзя Пауэр Түлз Компани.
8 тобы, Люцзя ауылы, Баочан, Хаймэнь қ., Цзянсу пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның конфигурациясы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР "Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған өткізгіштер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау жабдықтары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



Өндірушіге келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі өтіп кетсе.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықшалар, деформациялар, соққылар іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Бөгде түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізудің іздері бар. Егер ақау конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттардан, өрттерден, су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болмай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде осы қызметтерді ұсынудың болмауына байланысты оларды жою/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресустарына қолжетімділіктің болмауына әкелген құпиясөздерді (кодтарды) орнатумен, ауыстырумен немесе жоюмен туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қоректік, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.



aceline